21282259605

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 4 маусым №7119-24-00-2/5426 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.С.Тюлебекова,
сот отырысының хатшысы А.Т.Талгатова,
ашық сот отырысында аудио - видео қосылуымен электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Перун» Оксана Владимировна Федотова дара кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 30 қантарда тараптар арасында №11321073-ЗЦП1 «баға ұсынысын сұрату» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама бойынша жалпы сомасы 828 000 теңгеге №11 мемлекеттік сатып алу қызмет көрсету туралы шарты (бұдан әрі – шарт) жасалған.

Шартқа сәйкес өнім беруші Шарт күшіне енгеннен бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін Үздіксіз қуат көзіне (ҮҚК) қызмет көрсетуге, ал тапсырыс беруші тауарды қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 8.1-тармақпен көзделген шарттың қолданылу мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін айқындалды.

Өнім беруші Техникалық ерекшелікке сәйкес тапсырыс берушінің талабы бойынша келесі тиісті құжаттарды ұсынбаған:

1) «Calibration Software» мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету, 2.1.05-тен төмен емес нұсқасы және UPS-те оқиға тарихын қарау және диагностикалау үшін сервистік білім

Документ подписан: Тюлебекова Г. С., 07.06.2024
Дата вступления в законную силу: 08.07.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 22.07.2024
7119-24-3-6/456

2) БЖТ бұзылған немесе істен шыққан жағдайларда жедел ден қою үшін Астана қаласындағы кеңсе немесе өкілдік, сервистік орталық.

2024 жылы 21 ақпан айында Өнім берушіге тиісті құжаттарды ұсыну үшін сотқа дейінгі тәртіпте хат жолданған болатын, алайда Өнім беруші тарапынан ешқандай шара қолданылмады.

Осыған байланысты талап қоюшы жауапкерге 2024 жылы 28 наурыз бастап шарты біржақты тәртіппен бұзу туралы хабарлама жіберді.

Талапкер сотқа жауапкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып, жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағандықтан байланысты өз пайдасына 828 000 теңге х 0,1% х 13 (күн) = 10764 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алуды сұраған.

Жауапкер жазбаша пікірі берген жоқ.

Азаматтық іс талап қоюшының арыз бойынша шақырмай қаралды.

Сот отырысына жауапкердің өкілі сотқа белгісіз себептермен келмеді, «WhatsApp» мобильдік қосымшасына бейнеконференцбайланысқа қосылмады, осыған байланысты сот келген адамдардың пікірін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес жауапкер болмаған кезде азаматтық істі қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңының (бұдан әрі – заң) 38-бабының 4-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын ұсынуы оның мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауар жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

Заңның 43-бабының 23-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарт Тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда орындалды деп есептеледі.

Заңның 12-бабы 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі олармен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 12-бабының 5-тармағына сәйкес осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген соттардың шешімдері негізінде қалыптастырылады.

Жеткізу шарты бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 683-бабының талаптарына сәйкес Жеткізу шарты бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 683-бабының талаптарына сәйкес өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша

Документ подписан: Толебекова Г. С., 07.06.2024
Дата вступления в законную силу: 08.07.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 22.07.2024
7119-24-3-6/456

орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал тапсырысшы бұл қызмет көрсетуге ақы төлеуге міндеттенеді.

Сот тараптар арасында 2023 жылғы 30 қантарда №11 қызмет көрсету туралы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғанын анық анықтады, оның талаптарына сәйкес өнім беруші шарт жасалған сәттен бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін жалпы сомасы 828 000 теңгеге қызмет көрсетуге, ал тапсырыс беруші қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

Шартқа қол қойып, «Перун» ДК оның шарттарымен келісімін білдірді.

2024 жылғы 28 наурызда мемлекеттік сатып алу порталы арқылы тапсырыс беруші шарт міндеттемелерін орындалмауына байланысты шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жолдады. Бұл бұзылуына жауапкер дау айтпаған.

Жоғарыда айтылғандар жауапкер тарапынан шарттың тиісінше орындалмауы бар екенін көрсетеді.

Өнім берушінің кінәсінің жоқтығы туралы дәлелдер сотқа ұсынылмаған.

Заңның 12 - бабы 4-тармағының 3) тармақшасында, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

«Перун» ДК шарт жасасып, өзіне қабылданған шарттарды міндеттемелерді орындамады, осылайша Шарттың 1.1-тармақты және АК 272, 277 баптардың ережелерін бұзды.

Істің дәлелдемелері мен жағдайларының жиынтығына сүйене отырып, сотқа жүгіну үшін Заңның 12-бабының 4-тармағында белгіленген мерзім талапкермен сақталып, заңмен реттелген жеткізушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы тану үшін негіздердің толық тізімі, тапсырыс беруші үшін салдардың негативтілігін ескере отырып, белгіленген мерзімде тауарды алмауда көрсетілген, шарт жасасу кезінде күткен мерзім, сот талап заңды және қанағаттандыру туралы қорытындыға келеді.

Шарттың 7.4-тармағына сәйкес Өнім беруші тауарды жеткізуден бас тартқан немесе тауарды кешіктірген немесе қызмет көрсетуді мерзімі өткен жағдайда шарт бойынша қызмет көрсету мерзімі өткен күннен бастап бір айдан астам мерзімге, бірақ шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен кешіктірмей Тапсырыс беруші Өнім берушіден тұрақсыздық айыбы айыппұл, өсімпұл) осы Шарттың әрбір күні үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде сомасын өндіріп ала отырып, осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

Шарттық міндеттемелердің орындалмауына байланысты, талап қоюшы жауапкерден айыппұл сомасын 10 764 теңге мөлшерінде келесі есептеуден өндіріп алуды сұрады: 828 000 теңге (орындалмаған міндеттеме сомасы) х 0,1% х 13 күн (2024 жылғы 15 ақпан күннен бастап) = 10 764 теңге.

Документ подписан: Тюлебекова Г. С., 07.06.2024
Дата вступления в законную силу: 08.07.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 22.07.2024
7119-24-3-6/456

Талап қоюшы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейінгі кезеңді қамтыды.

Сот талап қоюшы ұсынған есепті тексеріп, талаптар дұрыс қорытындыға келеді.

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 117-бабының 1-бөлігіне, 109-бабының 1-бөлігіне сәйкес талапкер мемлекеттік баж төлеуден босатылған, босатылмаған жауапкерден мемлекет кірісіне өндіріп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «РОСАВТОЗАП» Мейрамгуль Салауатовна Рахметовамен ұсынылған жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«Перун» Оксана Владимировна Федотова дара кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Перун» Оксана Владимировна Федотова дара кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 864 (бір мың сегіз жүз алпыс төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Перун» Оксана Владимировна Федотова дара кәсіпкерінен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 10 764 (он мың жеті жүз алпыс төрт) теңге тұрақсыздық айыбы, 323 (үш жүз жиырма үш теңге) мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья (қолы) Ғ.С.Төлебекова

Документ подписан: Тюлебекова Г. С., 07.06.2024

Дата вступления в законную силу: 08.07.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 22.07.2024

7119-24-3-6/456